

# «Астана Медицина Университеті»АҚ

Тақырыбы: Дәрі-дәрмектермен шақырылған қызба

**Орындаған: Алтыбаева М.О**

**Тексерген:**

# Жоспар

**Кіріспе:** Дәрі-дәрмекпен шақырылған қызбаға түсінік

**Негізгі бөлім**

\*Этиологиясы

\*Қызбаға алып келуші факторлар

\*Симптомдары

\*Диагностикасы

\*Емі

**Қорытынды:**

Дәрі дәрмекпен шақырылған қызба — дегеніміз антибиотик қабылдаған кезде пайда болып, егер басқа да қызбаны шақыратын себептер болмаса, антибиотикті қабылдауды тоқтатқанда бысылатын қызбаның түрі. Дәрі-дәрмекпен шақырылатын қызба антибиотикке шақырылатын жалғыз аллергиялық көрініс болып табылады. Патогенезі толық зерттелмеген, ең болжамдысы иммунокомплекті механизм болып табылады.

# Жиі дәрі-дәрмектік қызбаны шақырушы Антибиотиктер:

\* $\beta$ -лактамдар,

\*хлорамфеникол,

\*сульфаниламидтер,  
стрептомицин.

## Дәрі-дәрмекпен шақырылған қызбаға алып келуші факторлар:

\*Бір мезетте науқасқа бірнеше препараттарды енгізу ;

\*Анамнезінде түрлі дәрілік заттарға аллергиясы бар екендігі көрсетілсе, көбіне әйел адамдар мен қарттарда болады.

Қалыптыда дәрі-дәрмекпен шақырылған қызба терапия басталғаннан соң пайда болып, препаратты тоқтатқаннан ейін 48-72 сағат ішінде басылады. Дегенмен антибиотикті қайта енгізген кезде бірнеше сағат ішінде дамуы мүмкін.

## Дәрі-дәрмекпен шақырылған қызбаның симптомдары:

- \* 39,0-40,0 градусқа дене қызуының жоғарылауы
- \* Салыстырмалы брадикардия
- \* Эозинофилия
- \* Лейкоцитоз
- \* Тромбоцитопения
- \* Қышыну
- \* Бөртпелер

Бөртпелердің, терінің қышуы іэозинофилияның болуы дәрі-дәрмекпен шақырылған қызбаның иммунды генезін көрсетеді. Егер температура дәрі-дәрмекті қабылдауды доғарғанда төмендесе және қайта енгізгенде қызбаның рецидиві болса диагноз анық деп саналады.



# Диагностикасы:

Дәрі дәрмекпен шақырылатын қызбаның диагностикасы қиынға соғады. Себебі көріністері басқа да генезбен шақырылған қызбалардан ажырату мүмкін емес.

Дәрі-дәрмектік қызба ремиттирлеуші, интермиттирлеуші, екі толқынды, гектикалық, субфебрильді болуы мүмкін. Өзге де симптоматикалармен қатар жүреді-бас ауруы, қалтырау, миалгия. Дәрі-дәрмектерді қабылдауды тоқтатқанда симптомдар жойылады.

Қызбаның терапиясында міндетті түрде қызбаны шақыратын антибиотикті доғару керек. Сирек жағдайларда ауыр жүйелі реакция кезінде және ішкі ағзалардың зақымдалуында глюкокортикоидтарды енгіземіз.

**Назарларыңызға рахмет!**